

## 2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы

Ақтау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 15/140 шешімі. Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылдың 24 желтоқсанда N 11-1-100 тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 85 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына және облыстық мәслихаттың «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/116 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 2034 болып тіркелген) сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған қалалық бюджет 1 - қосымшаға сәйкес мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

1) кірістер – 11 171 206 мың теңге, соның ішінде:  
салықтық түсімдер – 8 237 634 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 341 511 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 695 571 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 1 896 490 мың теңге;

2) шығындар – 11 541 400 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 236 298 мың теңге, соның і ш і н д е :

қаржы активтерін сатып алу – 236 298 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 606 492 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 606 492 мың теңге ,

соның ішінде:  
қарыздар түсімі – 48 975 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 300 000 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 857 517 мың теңге.

*Ескерту. 1 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.04.17 N 18/165 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.05.07 N 19/177 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.06.24 № 20/182(2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.07.20 № 21/191(*

*2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.09.08 № 23/213 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.10.16 № 24/2190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.11.20 № 25/226 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

2. Салықтық түсімдер бойынша қалалық бюджетке кірістер бөлу нормативтері мыналар бойынша төмендегідей көлемде белгіленгені ескерілсін:

төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 20,7 пайыз;  
төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;  
қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;  
төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;  
төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталмайтын жеке табыс салығы – 100 пайыз;  
элеуметтік салық – 8,7 пайыз.

*Ескерту. 2 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.04.17 N 18/165 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.06.24 № 20/182 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.07.20 № 21/191 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.09.08 № 23/213 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.10.16 № 24/2190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.11.20 № 25/226 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

3. Қалалық бюджеттен бөлінетін, азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін элеуметтік төлемдер мынадай көлемде бекітілсін:

1) 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы элеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;  
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;  
мүгедектігі бойынша мемлекеттік элеуметтік жәрдемақы алушылар;  
жасына байланысты мемлекеттік элеуметтік жәрдемақы алушылар;  
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік элеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға);

2) 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы элеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;  
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;  
мүгедектігі бойынша мемлекеттік элеуметтік жәрдемақы алушылар;  
жалғызілікті зейнеткерлерге;

3) ай сайынғы қосымша үстемақы: облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде; қаланың құрметті азаматтарының, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің үй ішіндегі электр қондырғыларының қызмет етуіне 58 теңге;

4) 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға ай сайынғы әлеуметтік көмек;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндер құрметіне бір жолғы әлеуметтік көмек: Ұлы Жеңіс күніне (9 мамыр):

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 30 000 теңге мөлшерінде; Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 25 000 теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 теңге мөлшерінде;

Чернобыль АЭС-дағы апаттың салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС-дағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 20 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдармен марапатталған адамдарға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарымен марапатталмаған адамдарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 10 000 теңге мөлшерінде;

Қарттар күніне (1 қазан):

70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі): барлық топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер, мүгедек-балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне (30 тамыз).

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қ а л а к ү н і н е :

қаланың құрметті азаматтарына 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

*Ескерту. 3 тармақтың 5 тармақшасына өзгертулер енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2009.10.16 № 24/2190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.*

6) бір жолғы материалдық көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, Чернобыль АЭС мүгедектеріне тіс протездерін дайындауға 10 000 теңгеге дейін;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне–таңдауы бойынша облыстық қоғамдық-саяси газеттің бір түріне жазылу үшін мерзімді баспасөзге жылдық жазылу қ ұ н ы ;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне амбулаториялық ем алу кезінде дәрі-дәрмек сатып алуға 5000 теңге көлемінде;

аз қамтылған азаматтар мен аса мүжәлсіз азаматтардың басына қиын жағдай туғанда, қалалық бюджеттің қаражатынан берілетін біржолғы материалдық көмек;

7) Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарындағы оқуды төлеу мақсатымен жалпы орта білім беру мектептерінің түлектеріне әлеуметтік көмек.

4. Ауылдық елді мекендерде жұмыс жасайтын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына осы қызмет түрлерімен қалалық жағдайларда айналысатын мамандармен салыстырғанда, 25 пайызға көтеріңкі жалақы және тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

5. Ақтау қалалық Мәслихатының шешімі анықтайтын тәртіп бойынша, қала білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге құқық берілсін.

6. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен білім беру мемлекеттік ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге 27 158 мың теңге сомасындағы нысаналы ағымдағы трансферттер қ а р а л ғ а н ы е с к е р і л с і н .

6-1. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке Қазақстан Республикасындағы білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға нысаналы ағымдағы трансферттер қ а р а л ғ а н ы е с к е р і л с і н , о н ы ң і ш і н д е :

мемлекеттік негізгі орта және жалпы орта білім беру мекемелерін физика, химия және биология оқу кабинеттерімен қамтамасыз етуге – 12 150 мың теңге;

мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім мекемелеріне лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасақтауға – 15 995 мың теңге;

білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізуге – 38

6-3. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке әлеуметтік қамсыздандыру аясындағы шараларға нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 8 160 мың теңге;  
аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 3 025 мың теңге;  
медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормасын өсіруге – 2 000 мың т е ң г е ;

6-4. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке ауыл мекендерінің әлеуметтік сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге 275 мың теңге көлемінде нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны е с к е р і л с і н ;

6-5. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде нөлдік сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі бойынша 1 079 310 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер мен бюджеттік несиелер қаралғаны ескерілсін, с о ы ң і ш і н д е :

мемлекеттік коммуналдық тұрғын-үй қорының үйін салуға – 494 000 мың теңге;  
құрылысы "100 мектеп және 100 аурухана" жобасы аясында іске асырылып отырған , білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлеріне арналған үй құрылысын аяқтау мақсатында қала бюджетін несиелендіруге – 48 975 мың теңге;  
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыруға – 544 0 0 0 м ы ң т е ң г е ;

6-7. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын-үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында сыйақының (мүдденің) «нөлдік» ставкасы арқылы тұрғын-үй құрылысына бұрын алынған қарыз бойынша тұрғындарға пәтер сатудан 252 507 мың теңге көлемінде түсімдер қаралғаны ескерілсін.

Қ а й т қ а н қ а р а ж а т м ы ң а л а р ғ а :  
300 000 мың теңге – қалалық бюджеттен облыстық бюджетке қарызын өтеуге;  
74 130 мың теңге – 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын-үй Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында сыйақының (мүдденің) «нөлдік» ставкасы арқылы тұрғын-үй салуының аяқталуына бағытталсын.

6-8. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясындағы шараларды қаржыландыруға 700 961 мың теңге сомасында нысаналы

ағымдағы және даму трансферттері қаралғаны ескерілсін.

6-9. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке әлеуметтік жұмыс орындары және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге 30 018 мың теңге сомасында нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін, соның ішінде:

жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге – 14 218 мың теңге;  
әлеуметтік жұмыс орындарын құруға – 15 800 мың теңге.

*Ескерту. 6 тармаққа толықтырулар енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.04.17 N 18/165 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.05.07 N 19/177 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.09.08 № 23/213 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.11.20 № 25/226 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

7. Қала әкімдігінің резерві 6 373 мың теңге сомасында бекітілсін.

*Ескерту. 7 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.07.20 № 21/191 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.09.08 № 23/213 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.10.16 № 24/2190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.11.20 № 25/226 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

8. 2 - қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған қалалық бюджеттің 2009 жылға арналған бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

9. 3 - қосымшаға сәйкес 2009 жылы қалалық бюджеттің орындалу барысында секвесторға жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

10. 4 - қосымшаға сәйкес Өмірзақ селосы бойынша 2009 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ы. Көшербай

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ж. Матаев

« К Е Л І С І Л Д І » :

«Экономика және бюджеттік жоспарлау  
бөлімі» ММ - нің бастығы

А.Н.Ким

2008 жылы 23 желтоқсан

2009 жылғы 16 қарашадағы № 25/226  
қалалық мәслихаттың шешіміне  
1 қосымша

*Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.04.17 N 18/165 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.05.07 N 19/177 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді),*

*2009.06.24 № 20/182 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.07.20 № 21/191(2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.09.08 № 23/213 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.10.16 № 24/2190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.11.20 № 25/226 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

### **2009 жылға арналған Ақтау қаласының бюджеті**

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			<b>1. КІРІСТЕР</b>	<b>11 171 206</b>
1			<b>Салықтық түсімдер</b>	8 237 634
	01		Табыс салығы	3 722 447
		2	Жеке табыс салығы	3 722 447
	03		Әлеуметтік салық	836 122
		1	Әлеуметтік салық	836 122
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 928 845
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2 329 996
		3	Жер салығы	286 295
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	312 480
		5	Бірыңғай жер салығы	74
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	450 044
		2	Акциздер	38 195
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	245 630
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	129 565
		5	Құмар ойын бизнеске салық	36 654
	07		Басқа да салықтар	11
		1	Басқа да салықтар	11
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	300 165
		1	Мемлекеттік баж	300 165
2			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	341 511
	01		Мемлекет меншіктен түсетін кірістер	29 718
		1		12 718

		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	
	5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	17 000
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 456
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 456
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	9
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	9
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	233 498
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	233 498
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	74 830
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	74 830
3		<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	695 571
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	406 848
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	406 848
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	288 723
	1	Жерді сату	251 695
	2	Материалдық емес активтерді сату	37 028
4		<b>Трансферттердің түсімдері</b>	1 896 490
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 896 490
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 896 490
		Бағдарлама Атауы	



Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі			Сомасы, мың тенге
			<b>2. ШЫҒЫНДАР</b>	<b>11 541 400</b>
1			<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	161 828
	112		Қалалық мәслихаттың аппараты	11 797
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	11 797
	122		Қала әкімінің аппараты	96 484
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	96 484
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	7 391
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	7 391
	452		Қаржы бөлімі	35 472
		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	13 746
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3 000
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	11 984
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	6 742
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	10 684
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10 684
2			<b>Қорғаныс</b>	8 413
	122		Қала әкімінің аппараты	8 413
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 413
3			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	74 028
	458		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	74 028
		021		74 028

			Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	
4			<b>Білім беру</b>	4 525 822
	464		Білім беру бөлімі	4 411 061
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	19 940
		003	Жалпы білім беру	2 580 810
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	9 088
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	27 158
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	180 555
		007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	11 647
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 240 494
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	38 145
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	303 224
	467		Құрылыс бөлімі	114 761
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	114 761
6			<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	489 634
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	373
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	373
	451		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	468 346
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	40 369
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	76 862
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	18 478

		006	Тұрғын үй көмегі	3 415
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	230 656
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3 450
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 580
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	20 548
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	49 277
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	6 996
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі	16 715
	464		Білім беру бөлімі	20 915
		008	Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	20 915
7			<b>Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық</b>	4 561 660
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	18 898
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 377
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9 317
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 204
	467		Құрылыс бөлімі	2 889 408
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы	629 423
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	684 541
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	166 283
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	1 086 046
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	23 115
		031	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде	300 000

			инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту	
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 653 354
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	11 792
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	474
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	41 375
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	115 935
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	304 100
		017	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	9 750
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	659 401
		030	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту	510 527
8			<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	369 891
	455		Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	341 520
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 050
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	312 807
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	22 663
	456		Ішкі саясат бөлімі	12 845
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7 115
		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	3 870
		003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1 860
	465		Дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 526
		001		3 952

			Дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	
		006	Аудандық (облыс маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	7 078
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 496
9			<b>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</b>	328 062
	467		Құрылыс бөлімі	328 062
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	328 062
10			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	13 854
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	275
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	275
	462		Ауыл шаруашылық бөлімі	256
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	256
	463		Жер қатынастары бөлімі	13 323
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 700
		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	623
11			<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	32 854
	467		Құрылыс бөлімі	9 961
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9 961
	468		Сәулет және қала құрылысы бөлімі	22 893
		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	15 793
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық)	7 100

			маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	
12			<b>Көлік және коммуникация</b>	900 306
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	900 306
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	500 000
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	34 800
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	365 506
13			<b>Басқалар</b>	72 579
	454		Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	48 910
		001	Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7 305
		006	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	41 605
	452		Қаржы бөлімі	6 373
		012	Жергілікті атқарушы органының резерві	6 373
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17 296
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	17 296
15			<b>Трансфертер</b>	2 469
	452		Қаржы бөлімі	2 469
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2 469
			<b>3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ</b>	<b>0</b>
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			<b>4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО</b>	<b>236 298</b>
			Қаржы активтерін сатып алу	236 298
13			<b>Басқалар</b>	236 298

	452		Қаржы бөлімі	236 298
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	236 298
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			<b>5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)</b>	<b>-606 492</b>
			<b>6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)</b>	<b>606 492</b>
			Қарыздар түсімі	48 975
			Қарыздарды өтеу	300 000
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	857 517

2009 жылғы маусымдағы № 20/182 қалалық мәслихаттың шешіміне 2-қосымша

*Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтау қаласы мәслихатының 2009.02.12 N 17/157 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.04.17 N 18/165(2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.05.07 N 19/177(2009.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2009.06.24 № 20/182 (2009.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.*

**БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ (БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ) ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА БӨЛІНГЕН, 2009 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ БЮДЖЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі	Бағдарлама	Атауы
<b>Инвестициялық жобалар</b>			
4			<b>Білім беру</b>
	467		Қала құрылысы бөлімі
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
7			<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>
	467		Қала құрылысы бөлімі
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту

		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту
		031	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту
9			<b>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</b>
	467		Қала құрылысы бөлімі
		009	Жылу - энергетикалық жүйені дамыту
12			<b>Көлік және коммуникациялар</b>
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту
<b>Инвестициялық бағдарламалар</b>			
13			<b>Басқалар</b>
	452		Қаржы бөлімі
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

2008 жылғы 23 желтоқсандағы  
 N 15/140 қалалық мәслихаттың шешіміне  
 3 қосымша

### **2009 ЖЫЛЫ ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫНДА СЕКВЕСТОРҒА ЖАТПАЙТЫН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Бағдарлама	Атауы
4			<b>Білім беру</b>
	464		Білім беру бөлімі
		003	Жалпы білім беру

2008 жылғы 23 желтоқсандағы  
 N 15/140 қалалық мәслихаттың шешіміне  
 4 қосымша

### **2009 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨМІРЗАҚ СЕЛОСІ БОЙЫНША БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА ТІЗБЕСІ**

Функционалдық топ	Бағдарлама	Атауы



	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі		
1			<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету
6			<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету
7			<b>Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық</b>
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру